

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі
төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына өзгертулер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі
төрағасының бұйрығы 2000 жылғы 3 қараша N 02-1-7/154 Қазақстан
Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 қараша N 1281 тіркелді.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/32 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялау
күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа
енгізіледі).**

Конкурстық іріктеу процедурасын бұдан әрі жетілдіру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 қарашада N 986 V990986_ тіркелген
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі
төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына төмендегідей
өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға
орналасуға конкурс өткізудің қағидасына:

24 тармақтың 7) тармақшасында:

"2 фото суреті" сөзі "1 фото суреті" сөзімен алмастырылсын;

27 тармақ мына редакцияда жазылсын:

"27. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа
қатысушылардың құжаттары, конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың кадр
есебі жөніндегі жеке іс парақтары мен өтініштері және конкурстық комиссияның
материалдары конкурстық комиссияның хатшысында сақталады (кадр
қ ы з м е т і н д е) . " ;

30 тармақтың бірінші сөйлемі мына редакцияда жазылсын:

"30. Конкурстық комиссия ұсынылған құжаттарды талдау негізінде

олардың тиісті әкімшілік мемлекеттік лауазымға қойылған біліктілік
талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды сынаққа жіберу туралы
шешім қабылдайды, ол хаттама түрінде ресімделіп және комиссияның төрағасы,

мүшелері мен хатшысы қол қояды.";

38 тармақта:

"бір ай" сөзі "үш ай" сөзімен ауыстырылсын;

мына мазмұндағы 42-1 тармағымен толықтырылсын:

"42-1. Әрбір үміткермен әңгімелесу барысы жеке түрдегі хаттамамен ресімделеді, ол жүргізіліп біткеннен кейін конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері, үміткер, сондай-ақ, хаттаманы іске асырушы хатшы қолдарын қояды."

48 тармақта:

", бірақ әр бос лауазым үшін біреу ғана" сөзі алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.